

**EMPTY TEACHER-WRITER, EDUCATOR SPANDIYAR KOBEEV**

Ibraimova Jayna Kumusbek kyzy

2nd Year Student of the Kazakh Language and Literature

Shyrshyk State Pedagogical Institute of Tashkent Region

**ABSTRACT**

Writer-teacher Spandiyar Kobeev, who left an indelible mark on the history of the Kazakh people. He made a significant contribution to the Kazakh romance. Continuing the work of Ibrai Altynsarin, he decided to educate children. He worked as a public educator. Honored teacher of schools of the Kazakh SSR. Honor of Alash S.Kubeyev.

**Keywords:** Romanticism, pedagogy, education, child education, upbringing, teacher.

**КӨРНЕКТІ ПЕДАГОГ-ЖАЗУШЫ, АҒАРТУШЫ СПАНДИЯР КӨБЕЕВ**

Ибраимова Жайна Кумусбек қызы

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты

**Анатация**

Қазақ елі тарихында өшпес із қалдырған жазушы педагог Спандияр Көбеев. Қазақ романшылығына елеулі үлес қосқан. Ыбырай Алтынсариннің жұмысын жалғастыра отырып балаларға білім беруге бел буады. Халық ағартушысы ретінде жұмыс атқарған. Қазақ ССР мектептеріне еңбек сіңірген мұғалім. Алаштың ардақтысы С.Көбеев.

**Кілт сөздер:** Романтизм, педагогика, ағартушылық, бала оқыту, тәрбие, ұстаз

**INTRODUCTION**

Қазақ халқы – мәдени бай мұрасы, өзіне біткен табиғи ерекшелігі бар, сергек ой, сезімтал жүрек, тәрбие әдіс-тәсілдері бар халық. Қазақ топырағында туып, білім алған, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған: Әбунәсір әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Көбеев, С.Торайғыров, М.Сералиев, С.Дөнентаев, С.Сейфуллин, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, С.Мұқановтың, т.б. тіл білімі, әдебиеттану, астрономия, математика, педагогика салаларындағы ғылымның, мәдениеттің дамуына игі ықпал жасады.

Ұлы адамдардың бала тәрбиелеу, оқыту жөнінде айтқан бағалы пікірлері Қазақстанда өз дәрежесінде зерттелінбей келеді десек қателеспеген болар едік. Осы олқылықтың орнын толтыру ниетімен біз саналы өмірін жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу ісіне жұмсаған, қазақ халқының прогрессивті педагогикалық ой-пікірлерін қалыптастырып, қазақ совет мектебінің іргетасын қалаушылардың бірі Ыбырай Алтынсариннің дәстүрін ілгері дамытушы, қоғам қайраткері, белгілі жазушы, тамаша аудармашы, ағартушы-демократ Спандияр Көбеев педагогикалық қызметін зерттеу объектісі етіп алып, оның педагогикалық, методикалық мұрасын халық игілігіне айналдыруды мақсат еттік.

С.Көбеев – 1878 жылы қазанда Торғай облысы Қостанай уезі Обаған болысына қарасты № 3 ауылда, Құрманбай өткелі деген жерде, қазіргі Қостанай облысының Мендіқара ауданында, Ақсуат аулында дүниеге келеді. Әкесі Көбей Жансүгіров мұсылманша хат таныған, өзі еңбекқор, қолөнершілікпен күн көрген. Шешесі Айтбоз кайратты, елге қадірлі жан болған. Спандияр Көбиев отбасында Әбжан, Оспан, Кәмел, Мизам, Мұқаш, Спандияр және Тайкенже есімді жеті ағалы-інілі ұлдар болған. Үлкен ағасы Әбжан мен ортаншы ағасы Мұқаш молдадан оқиды да, кейін молда болады. Оспан, Кәмел, Мизам деген ағалары ұзақ жылдар байдың жалшысы болып жұмыс істейді.

Әкесі Спандиярды 9 жасқа толғанда, башқұрт молдасына мұсылманша оқуға беріп сауатын ашпақ болады. Одан баласын ұрып-соқпауын сұрайды. Спандияр молдада не бары 8-ақ күн ғана оқып, молданың жазалауына төзбей оқуды тастап қашып кетеді.

Сол жылы (1887-жыл) Сауытбай байда мектеп ашады. Бұл мектепті қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақыны және педагогі Ыбырай Алтынсарин ашқан еді. Жергілікті байлардың қарсылығына қарамастан, Спандияр Ы.Алтынсариннің көмегімен осы мектепке оқиды. Мектепке сол уақытта байдың балаларын ғана қабылдайтын болған. Ол 1892 жылы мектепті жақсы аяқтайды. Ауылдық мектепті бітіргеннен кейін, Обаған дағы орыс-қазақ болыстық мектебіне (1892-1895 жылдары) оқуға түседі.

Будан кейін Қостанайдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесінде (1895-1897 жылдар) оқиды. Арықарай мұғалімдер даярлайтын училищеге кірем деп әрекет етеді. Өйткені училище орнында бір бос орын сақталған-ды. Арманына қол жеткізер сәтте, бір Өтетілеуов деген бай, өзінің баласын сол орынға кіргізбек болып килігеді. Инспектор алдына Өтетілеуов бай өз баласымен, Спандияр болса ағасы екеуі барады. Бай өз баласының осы орынға лайық екенін айтып бағады. Спандиярдың ағасы инспектордан бұл әділетсіздікке жол бермеуін сұрайды. Алайда бай: «Бергенге қанағат ет. Кедейге оқу емес, жұмыс істегені жөн. Инспектор мырза кімнің қайда оқу керектігін жақсырақ біледі» - дейді. Инспектордың С.Көбеевке: «Сен үшін түк те істей алмаймын»- деген жиіркенішпен айтқан сөзі өте қатты тиіп, көзінен жасы домалап, қорлана түседі.

Мұғалім болуды армандаған Спандияр 1898 - жылы Қостанай қаласындағы ауыл мектептеріне мұғалімдер даярлайтын екі жылдық педагогикалық класка келеді. Оны 1901 - жылы аяқтайды.

С.Көбеев өзінің мұғалімдік қызметін 1901 жылы 15 тамызда шалғайдағы Бірғыз уезі Толағай болысындағы Кішіқұм деген жерде бастайды. С.Көбеев өзінің бүкіл өмірін халық ағарту ісіне арнаған.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихында Спандияр Көбеевтің көрнекті орны бар. Қазақ жерінде ашылған алғашқы орыс мектептерінен тәрбие алған ол өзінің барлық саналы өмірін туған халқының мәдениет пен білім жолында ілгері ұмтылуына жәрдемдесуге арнады жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп, жас ұрпақты орыстың тілі мен әдебиетін, мәдениетін үйренуге баулыды. Бұл саладағы қызметін Спандияр ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді. Би-болыстардың қырына ілінген қыңыр әкенің кесірінен мектепке іліге алмай қалған кедей баласын алғаш орналастырған да Торғайдың оқу инспекторы еді. Ұлы ұстазы алдында жауаңдап, оның мейірімділігі мен кең пейіліне риза болған Спандияр ішінен

соған ұқсауды армандаған-ды. Ыбырай секілді халыққа пайдалы азамат болу, өз білімін елін ағартуға жұмсау Спандиярдың өмір бойғы арман-тілегі еді. Ол 1901 жылдан бастап, өмірінің соңына (1956) дейінгі 55 жылын ұстаздық қызметке жұмсады. Совет өкіметі тұсында сол ұстаздық еңбегінің мол жемісін де көрді, құрметке ие болды. Кеудесіне екі рет Ленин орденін тақты. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. «Қазақ ССР мектептеріне еңбек сіңірген мұғалім» атағын алды.

Спандиярдың ұстаздық ағартушылық еңбегі революция алдындағы қазақ қоғамының арта қалған мешеулігі жағдайында басталды. Өзінің көзі ашық замандастары тәрізді Спандияр да сол қоғамдағы құрылыстың іріп-шіріп тоза бастағанын көрді, оның жаңаруы қажеттігін түсінді. Олар осы жаңарудың жолы елді ағарту, білім-өнер жолына түсу деп ұғынды. Феодалдық-патриархалдық қоғамның ұнамсыз жақтарын аяусыз сынай, пеней отырып, олар бүкіл творчестволық еңбегін ағартушылыққа негіздеді. Спандиярдың ұстаздық қызметін ағартушылыққа бағыттай жүргізуі де осыдан туды. Жас мұғалім балаларға орыстың тілін, ғылым негіздерін түсіндіретін пәндерді таратушы болды. А.С.Пушкиннің «Дубровский», Н.В.Гогольдің «Өлі жандарь», И.А.Крыловтың мысалдары мен А.П.Чеховтың күлкілі, сыншыл әңгімелері Спандиярдың ауызша әңгімелеуі негізінде ел ішіне кең тарай бастайды. Ол көркем әдебиетті надандыққа, феодалдық салтқа қарсы құрал есебінде пайдаланылады. Оның Крылов мысалдарын аударуы, сол мысалдар тілімен ауылдың байларын, үстем тап өкілдерін, қоғамдық ортада ұнамсыздықты сынауы мұны анық байқатады. Ол замандастары бойындағы өтірікшілікті, тоғышарлықты, надандықты, зұлымдық пен мақтаншақтықты, көрсеқызарлық пен өзімшілдікті мысал тілімен тұспалдап әшкерелейді.

Крылов мысалдарын аударуға ұмтылу мен жалпы мысал жазуға құмарлықтың ағартушылық әдебиетте жиі байқалатыны да кездейсоқ емес. Абай мен Ыбырайдан басталған бұл дәстүрді ХХ ғасырдың басында Спандиярмен қатар Б.Өтетілеуов, С.Дөнентаев, С.Торайғыров сияқты ақындардың әрі дамытқаны белгілі. Солардың бәрі де үстемдікке негізделген қоғам жағдайында шындықты мысал тілімен тұспалдап сынаудың қолайлылығын ұқтырды. Оның үстіне Крылов өмір сүрген кездегі орыстың помещиктік-крепостниктік құрылысы мен қазақтың феодалдық-патриархалдық қоғамының арасында ұқсас сипаттар көп болатын. Орыс қоғамының қасқырлары мен арыстандары, аюлары мен түлкілері, жәбір жапа көрген басқа да хайуанаттары қазақ қоғамындағы қайшылықтарды да еске салды. Қоғамдық әділетсіздік жайлы ойды оятты. Мұның өзі қазақ ақындарының демократтық көзқарасының қалыптасуына әсер етті. Крылов мысалдарын аудару үстінде С.Көбеев осындай мектептен өтті. Ол Крылов мысалдарын «Үлгілі тәржіме» деген атпен 1910 жылы Қазанда бастырды.

1912 жылы Спандиярдың «Үлгілі бала» атты кітабы шықты. Бұл бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналған оқу кітабы еді. Ұлы ұстазы Ыбырай үлгісін пайдалана отырып, бұл кітапқа өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғат жайлы мәлімет беретін шағын әңгімелерді кіргізген. Оқу кітабын құрастыруда Спандияр К.Ушинскийдің «Родное слово» кітабын басшылыққа алған. Бірқатар материалдарды содан кейін аударып пайдаланған.

«Үлгілі балаға» Спандиярдың бірқатар төл шығармалары да кірген. Олар- қоғамдық теңсіздікті, үстем таптың қатігез мінез- құлқын суреттейтін, жетім-жесірлердің аянышты тұрмысын көрсететін өлеңдермен әңгімелер. Бұл шығармалар негізінде педагог жазушы жас ұрпақтың таптық қайшылықты түсінуіне, олардың бойына адамгершілік сезімдердің ұялауына көмектесуді көздеді. Демократтық, ағартушылық әдебиеттің гуманистік тұрғыдан бақуына әсер етті.

Спандиярдың қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен орны – оның революциядан бұрынғы әдебиетте прозаның тууына, ондағы роман жанрының қалыптасуына сіңірген еңбегімен байланысты. 1913 жылы Қазанда басылған жазушының «Қалың мал» романы қазақ әдебиеті тарихында алғашқы көлемді прозалы туындылардың бірі болып саналады.

Қазіргі тұрғыдан қарағанда, бүгінгі ірі-ірі романдары бар реалистік әдебиет үшін «Қалың мал» үлкен құбылыс болып көрінбеуі мүмкін. Бірақ, оның туған кезі, дәуірі, сол кездегі әдебиет өрісі мен жанрларының тұрғысынан қарасақ, оның тарихи маңызы айқын танылады. Автор шығармада сол дәуірдің маңызды оқиғаларын қамти отырып, оны үлкен әлеуметтік тартысқа құрады, дәуір сыры мен адамдардың тәп-тәуір образдарын жасайды. Спандиярдың өмір сүрген дәуірі – ХХ ғасырдың бас кезі – тарихта әлеуметтік революциялардың дәуірі, бостандық үшін күрестің ұшқыны жалынға айналған дәуір. 1905 жылы буржуазиялық- демократиялық революция ұлт аймақтарындағы ой-пікірлердің жандануына әсер етті. Европаны кезіп жүрген бостандық елесі, К.Маркс пен Ф.Энгельс тілімен айтқанда «коммунизм елесі» қазақ жеріне де әсерін тигізе бастаған. Спандияр романының жазылуы да осының әсері.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы С.Көбеевтің ерлік еңбегін айта келіп, академик-жазушы С.Мұқанов «Халық мұғалімі» атты очеркінде былай деп жазды: «Оның өмір тарихы – қазақ аулындағы оқудың тарихы десек, қателеспеген болар едік... Революциядан бұрынғы прогрессивтік педагогиканы да, кеңестік педагогиканы да жақсы білетін, оған қоса тәжірибесі мол Спандияр – балаларды кеңестік патриотизм рузында тәрбиелеу де көп еңбек сіңірген адам», - дейді.

Спандияр Көбеев – жарты ғасырдан астам уақыт бойы жастық жалынын, табиғаттың берген ақыл-ойын, жүрегінің халық деп соққан лүпілін қарапайым халықтың бақыты үшін, оның санасының өсіп, мәдениетінің өркендеуі үшін жұмсаған адам.

С.Көбеевтің – бұдан жарты ғасыр бұрын, 1901 жылы 15 тамыздан оқытушы болып тағайындалып, сонау Кішіқұмдағы екі жылдық ауылдық мектепте сабақ бере бастаған екен. Сол күннен бастап күні бүгінге дейін оқытушылық жұмысының жібi үзілген күні болмапты. Осы жарты ғасырдан аса уақыттың ішінде 55 мыңнан артық сағат уақыт балаларға сабақ берген екен. «Есептеп қарасам, үш мыңдай бала оқытыпшын», - дейді қарт ұстаз өзінің естелігінде. Барлық саналы өмірін халыққа қызмет етуге коммунистік қоғамының жас ұрпақтарына жарасымды тәрбие ісіне жұмсаған жылы екінші желтоқсанда 78 жасында дүние салды. Міне, прогресшіл ұстаздардың ұстазы, оның өшпес, өлмес мұрасын келешек жастар жалғастыра береді деген сенім зор.

Қорыта айтқанда дәуірінің прогресшіл талап-тілектеріне жауап беруге тырысқан, мәдениеттің жаршысы бола білген және ұлттық әдебиетте тұңғыш роман жазған Спандияр

Көбеевтің есімі XX ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің тарихынан зор құрметті орын алады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Рахметова С «Ана тілі» Алматы, Атамұра, 2012ж.
2. Махмова Ж., Тұрсынғалиева Т. «Тіл дамыту жұмыстары»
3. Әбілқасымова К, Тамаев А. Қазақ фольклористикасы. Алматы. «Білім». 2017ж.